

Мұнай операцияларын жүзеге асыратын мердігерлермен келісім-шарттарда Ұлттық компанияның келісім-шарттары міндетті үлестік қатысуы арқылы мемлекеттік мүдделерді білдіру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 маусымдағы N 708 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 10 ақпандағы № 122 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.02.10 № 122 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Мұнай туралы" 1995 жылғы 28 маусымдағы N 2350 заң күші бар Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді: Z100291 қараңыз

1. Қоса беріліп отырған Мұнай операцияларын жүзеге асыратын мердігерлермен келісім-шарттарда Ұлттық компанияның келісім-шарттарға міндетті үлестік қатысуы арқылы мемлекеттік мүдделерді білдіру ережесі б е к і т і л с і н .

2. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 2 ж ы л ғ ы 2 9 м а у с ы м д а ғ ы

N 7 0 8 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Мұнай операцияларын жүзеге асыратын мердігерлермен келісім-шарттарда Ұлттық компанияның келісім-шарттарға міндетті үлестік қатысуы арқылы мемлекеттік мүдделерді білдіру ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Мұнай операцияларын жүзеге асыратын мердігерлермен келісім-шарттарда Ұлттық компанияның келісім-шарттарға міндетті үлестік қатысуы арқылы мемлекеттік мүдделерді білдіруінің тәртібін реттейді.

2. Осы Ережелерде Қазақстан Республикасы Президентінің "Мұнай туралы" 1995 жылғы 28 маусымдағы N 2350 және "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 1996 жылғы 27 қаңтардағы N 2828 заң күші бар Жарлықтарында белгіленген ұғымдар мен айқындамалар, сондай-ақ мынадай ұғымдар пайдаланылады: Z100291 қараңыз

өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесі - мемлекеттің мердігермен Өнімді бөлу туралы келісім бойынша ол өндірген өнімнен алатын заттай нысандағы міндетті бөлік;

өтемдік (шығындық) өнім - мердігердің орны толтырылатын шығындарын білдіретін, игерілетін кен орнының экономикалық құндылығын есепке ала отырып, әрбір Өнімді бөлу туралы келісім бойынша жеке белгіленетін және мердігердің меншігіне келіп түсетін өндірілген өнімнің бір бөлігі;

корпоративтік басқару - Келісіммен белгіленетін тәртіппен не келісім-шартта көзделген жағдайларда құрылатын орган арқылы басқару, Келісімнің немесе келісім-шарттың іске асырылуын қамтамасыз ететін және мұнай операцияларының орындалуы үшін жауаптылықта болатын басқару жөніндегі бірлескен комитет (басқарушы комитет);

Ұлттық компания - "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамы ;

келісім-шартқа міндетті үлестік қатысу - Ұлттық компанияның Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін келісім-шартқа пайызбен көрсетілген қатысу үлесі ;

келісім-шарттың (Келісімнің) операторы - мердігер тартатын немесе құратын, оның іс-әрекеті үшін мердігер мемлекет алдында өзінің іс-қимылы ретінде мүлдіктік жауаптылықта болатын келісім-шартты немесе Өнімді бөлу туралы келісімді орындаумен байланысты нақты өндірістік-шаруашылық қызмет пен есепке алу-есеп операцияларын жүзеге асыратын заңды тұлға;

пайдалы өнім - егер Келісімде өзгеше көзделмесе, Өнімді бөлу туралы келісім бойынша бюджетке роялти мен өтемдік есеп айырысуларды төлеген соң мемлекет пен мердігер арасында бөлуге жататын өндірілген өнімнің бір бөлігі;

Өнімді бөлу туралы келісім - оған сәйкес Қазақстан Республикасы кәсіпкерлік қызмет субъектісіне (мердігерге) мұнай операциялары саласында өтемдік негізде және белгілі бір мерзімге Келісімде көрсетілген жер қойнауының телімінде минералдық шикізатты іздестіруге, барлауға, өндіруге және осыған байланысты жұмыстарды жүргізуге құқық беретін, ал мердігер көрсетілген жұмыстарды өз есебінен және өз тәуекелімен жүргізуге міндеттенетін шарт. Осы

шарт Қазақстан Республикасы мен мердігер арасындағы өндірілген өнімді бөлудің міндетті шарты мен тәртібінен, сондай-ақ өтемдік өнімнің орнын толтыру тәртібінен тұрады.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.05.20 № 454 Қаулысымен.

3. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2010.05.20 № 454 Қаулысымен.

4. Мұнай операцияларын жүзеге асыру кезінде қазақстандық мердігерлік ұйымдар мен кадрлардың қатысуын қамтамасыз ету мақсатында Ұлттық компания тауарлардың, жұмыстар мен қызметтер көрсетудің қазақстандық рыногын, сондай-ақ халықты жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды үйлестіруші мемлекеттік органмен бірлесіп, қазақстандық кадрлардың бар-жоғын зерделейді, деректер банкіні қалыптастырады және шетелдік қатысушылар мен қазақстандық ұйымдардың келіссөздерін ұйымдастыруға ықпал етеді.

2. Келісім-шарттардағы міндетті қатысу үлесін белгілеу

5. Қазақстан Республикасының Үкіметі жыл сайын Ұлттық компанияның ұсыныстарын ескере отырып Құзыретті орган қалыптастырған және жер қойнауын қорғау жөніндегі уәкілетті органмен келісілген инвестициялық бағдарламалардың конкурсына шығарылатын жер қойнауы телімдерінің (блоктарының) тізбесін бекітеді.

6. Көрсетілген тізбе онда оған тікелей келіссөздердің негізінде Құзыретті орган қандай блоктар мен телімдер ұсынуы тиіс екені, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында және теңізде олар бойынша мұндай қатысу үлесінің мөлшерін белгілей отырып, өзі міндетті қатысу үлесін иеленгісі келетін блоктар мен телімдер көрсетіліп, Ұлттық компанияның ұсыныстары ескерілетінін қалыптасады.

7. Қазақстан Республикасының Үкіметі инвестициялық бағдарламалардың конкурсына шығарылатын блоктардың тізбесі туралы шешім қабылдай отырып, мемлекеттің стратегиялық мүдделеріне және Ұлттық компанияның ұсынған есеп айырысуларына сәйкес, егер халықаралық шартпен немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен өзгеше көзделмесе, Ұлттық компанияның келісім-шарттардағы 50%-дан кем болмауы тиіс міндетті үлесін бекітеді.

8. Конкурс өткізуді ұйымдастырушы Құзыретті орган инвестициялық бағдарламалардың конкурсы талаптарында Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес конкурсқа шығарылатын блокта Ұлттық компанияның міндетті үлесін көрсетуге міндетті.

9. Ұлттық компания мемлекет үлесінің операторы болып әрекет ете отырып,

Үкімет бекіткен оның қатысуының міндетті үлесі бар блоктар бойынша да, әзірленуі мердігерлер мен Қазақстан Республикасы арасында өнімді бөлуді көздейтін блоктар бойынша да конкурстың негізгі талаптарын қалыптастыруға т і к е л е й қ а т ы с а д ы .

10. Ұлттық компания Қазақстан Республикасының аумағындағы мұнай операцияларына арналған конкурстарды ұйымдастыруға қатысады.

11. Ұлттық компания конкурстың қорытындыларын шығарған соң болашақтағы келісім-шарт бойынша өзара міндеттемелерді белгілеу мақсатында өзінің міндетті үлестік қатысуы бар блок бойынша конкурстың жеңімпазымен келісім-шарттың жобасын дайындайды және оны Құзыретті органға ұсынады.

12. Ұлттық компания оның міндетті қатысуы белгіленген блок бойынша конкурстың жеңімпазымен бірлесіп, бірлескен қызмет туралы шарттың негізінде олар құрған бірлескен кәсіпорын немесе консорциум нысанында әрекет ет е а л а д ы .

Ескерту. 12-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.05.20 № 454 Қ а у л ы с ы м е н .

13. Ұлттық компанияның міндетті үлестік қатысуы бар келісім-шарттар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес конкурстың нәтижелері жарияланған күннен бастап жарты жылдан кейіннен кешіктірмей жасалады.

3. Мемлекеттік мүдделерді білдіру жөніндегі өкілеттіктер

14. Ұлттық компанияға көрсетілген Келісімдердің талаптарына сәйкес мемлекеттің операторы ретінде Өнімді бөлу туралы келісімдер бойынша алынатын өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесін алуға арналған құқық беріледі.

Ескерту. 14-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.05.20 № 454 Қ а у л ы с ы м е н .

15 - 17. **Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2010.05.20 № 454 Қаулысымен.**